«8D02307-Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Рамазанов Талгат Бекбулатович «Көркем мәтіндегі диалогтің лингвомәдени ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	1.1 Диссертациялық жұмыс төмендегідей ғылымды дамытудың басым бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес жазылған. 1)«Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» (2019 ж.) атты халыққа жолдауда айтылған Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін күшейту мен ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру міндеттеріне сәйкес келеді; 2) Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы III Ұлттық құрылтайдағы (2024 жылғы 15 наурыз) Мемлекет басшысының мемлекеттік тілдің қолданылу аясын кеңейтуге байланысты тапсырмалары;
		1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);	Диссертация ешқандай мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалмаған.
		2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған	Диссертация қандай да бір мемлекеттік бағдарлама аясында орындалмаған

		(бағдарламаның атауын көрсету)	
		3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыс тақырыбы тіл ғылымының өзекті бағыттарына және мемлекеттік бағдарламалар, ғылымды дамытуға арналған заңдар негізінде жүргізілген. Аталған зерттеу жұмысы Қазақстанда ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарына, оның ішінде “Елдің зияткерлік әлеуеті» бағытына толық сәйкес келеді; ҚР ҒЖБМ Тіл саясаты комитетінің «Тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы» міндеттеріне сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық жұмыс ғылымға елеулі үлес қоса алады, оның маңыздылығы жан-жақты ашылған. Атап айтқанда: көркем мәтінді танудың теориялық базасын, көркем мәтін танудың әдіснамасын кеңейтеді; ғылыии ізденістің нәтижелері тілдесім жайындағы ғылыми ой-пікірлерді толықтырады; мектеп оқулықтары мен оқу құралдарын жазуға теориялық материал болады; қазақ руханиятындағы дәстүрлі көркем таным мен заманауи көркем танымның сабақтастығын дәлелдейді, байланысын көрсетеді; дүниені көркемдік аспектіде танудың ұлттық кодтарын көрсетеді; казақ тіл білімінің антропоөзекті парадигмасын, оның ішінде лингвопоэтика, функционалды грамматика бағыттарын теориялық тұрғыдан кеңейтеді. Сол себепті ұсынылып отырған зерттеу жұмысы тіл біліміндегі маңызды тақырыптардың бірі болып саналады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертациялық жұмыс өзі жазу қағидаты

		1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	тұрғысынан **жоғары** деп бағаланды. Жаңа ғылыми парадигмаға сай тілді зерттеуде негізгі назар көркем мәтіндегі диалог арқылы танылатын этномәдени болмыс пен тілдік тұлғаны анықтауға маңызды ұғымдар мен тәсілдер, метатілдік теориялар негізге алынған.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: **1) негізделген;** 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	1) Диссертацияның өзектілігі **негізделген,** ішкі бірлік принципі сақталған; қазақ көркем сөзінде диалогтер арқылы образ жасаудың тілдік табиғатын, диалог пен дискурстың арақатынасын, олардың көркем мәтіндегі қолданысын, диалогтерді беруде өзге де ерекшеліктерді айқындау зерттеу жұмысының өзектілігін аңғартады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1**) айқындайды;** 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	1) Диссертациялық жұмыстың ішкі мазмұны тақырыптық атауымен өзара үндеседі және жұмыстың мазмұны мен зерттеудің тақырыбы бірін-бірі **толығымен айқындайды.** Диссертациялық жұмыстың бірінші тарауы көркем мәтіндегі диалогтің сипатын анықтауға арналған. Осы тараудағы мәтін, дискурс, диалогтің тілдік табиғаты, көркем мәтіндегі диалогтің құрылымдық-семантикалық, функционал-ды-коммуникативтік сипаты ғылыми теориялық тұрғыдан жеткілікті түрде айқындалған. Зерттеу жұмысының екінші тарауы диалогтің этномәдени ерекшелігін айқындауға бағытталған. Аталған тарауда көркем мәтіндегі диалогтің түрлері, айтыс, шешендік дискурстағы диалог үлгілері және қазақ диалогінің гендерлік ерекшеліктері ғылыми теориялық және практикалық тұрғыдан жан-жақты талданған. Диссертацияның үшінші тарауы диалог арқылы танылатын тілдік тұлғаны және тілдік тұлғаны ашуда қолданылатын стратегия мен тактика көркем мәтіндегі диалогтің лингвомәдени

			ерекшеліктерін айқындайды. Зерттеу жұмысының үш тарауы да диссертация мазмұнына сай құрылған және диссертация тақырыбын айқындайды.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: **1) сәйкес келеді;** 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	1) Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: Зерттеу жұмысының негізгі мақсатына сәйкес нақты **міндеттер** шешілген, атап айтқанда, көркем мәтіндегі диалогтің құрылымдық-семантикалық, функционал-ды-коммуникативтік сипатын айқындаған; Прозалық және драмалық шығармалардағы метатанымдық диалогтің, поэзия және қарасөздегі диалогтік ойтолғамның қолданысы зерделенген, айтыс және шешендік сөздер дискурсындағы диалогтік қатысымның ерекшеліктері қарастырылған, ұлттық бейвербалды амалдардың диалогтік қатысымдағы қызметі көрсетілген, көркем мәтіндегі диалог арқылы танылатын тілдік тұлға мен тілдік тұлғаны ашуда қолданылатын стратегия мен тактика анықталған. Диссертантың зерттеу жұмысының мақсатына сәйкес жасалған әрбір міндеттері жұмыстың өн бойында көрініс тауып, ғылыми тұжырымдары мен жаңалығынан, әрбір тараушаның соңында жасаған ойтүйінінен, тілдік талдауларынан айқын көрінеді. Ізденушінің алға қойған мақсат-міндеттері диссертацияда шешімін тапқан және сәйкес келеді.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: **1) толық байланысқан;** 2) ішінара байланысқан; 3) байланыс жоқ.	Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан: 3 тарау, 12 тараушадан тұратын зерттеу жұмысы бір-бірімен **толық байланысқан**. Диссертантың зерттеу жұмысында бөлімдер аралығында логикалық-мазмұндық байланыс сақталған, зерттеуде ғылыми ой жүйелі, бірізділік

			сақталған. Сондай-ақ жасалған теориялық тұжырымдары, әр тараушаның соңына берілген ойтүйіні, тарау соңындағы қорытындылары, әрбір практикалық талдаулары да бөлім тақырыбымен өзара толық байланысқа құрылған.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) **сыни талдау бар;** 2) талдау ішінара жүргізілген; 3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген; 4) талдау жоқ.	Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) көркем мәтіндегі түрлі диалог, шешендік сөздер дискурсындағы диалог бойынша жинақталған тілдік материал негізінде дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған. Сыни талдауы да, ізденушінің өзіндік ұстанымы да бар. Сөзіміз дәлелді болу үшін жеке тоқталсақ: 1. Көркем мәтіндегі диалогтің құрылымдық-семантикалық сипатын анықтауда диалогтің құрылымын талдап, диалогтік кіріспе, диалог, авторлық кірікпе сынды жаңа ұғымдарды беріп, оларды біртұтас синтаксистік құрылым ретінде қарастырған (36-45-б.). 2. Диалогтің функционалды-коммуникативтік сипатын анықтап, көркем мәтіндегі диалогтің әртүрлі қызметін саралап, сыни талдау жасаған (47-64-бб.). 3. Жинаған тілдік бірліктер негізінде көркем мәтіндегі диалогті метатанымдық және этнотанымдық диалогтер деп жіктеп, диалогтің қазақ мәтіндеріндегі жіктелісін бөліп көрсеткен. Диалогтің түрлерін тілдік мысалдармен дәлелдеген (68-93-бб.). 4. Ұлттық бейвербалды амалдардағы диалогтік қатысымды анықтап, қазақтың салт-дәстүрлерінде кездесетін диалогтік сипатты нақты мысалдармен көрсете отырып талдаған (163-170-бб.). 5. Тарихи романдар құрылымындағы диалогтер арқылы жазушының тілдік тұлғасын айқындап, диалогтегі тілдік тұлғаның бейнесін ашу үшін

			қолданылатын тактика мен стартегияны қарастыруын жаңашыл шешім деп бағамдаймыз (200-204-бб.).
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Зерттеудегі ғылыми нәтижелер мен ережелер **толығымен жаңа.** Диссертация тақырыбы бұған дейін қазақ тіл білімінде жеке ғылыми зерттеу нысаны болған емес. 1. Көркем шығармада автор кейіпкерді бейнелеуде диалогті төрт түрлі мақсатта жұмсайтынын анықтап, әр мақсатты жеке талдауы, мысалдармен дәлелдеген тұжырымы – жаңа (8-б.). 2. Диалогтік кіріспе, диалог, авторлық кірікпені – тұтас бір синтаксистік құрылым ретінде қарастырып, оларды мағыналық, құрылымдық және интонациялық жағынан өзара тығыз байланыста қарастырған талдаулары – жаңа (39-40-бб.). 3. Диалогтік ойтолғам деген атауды ұсынып, оған автордың ішкі жан толғанысы оқырманмен диалог арқылы өрбіп, жарыққа шығуы деген өзіндік анықтамасы – жаңа. Диалогтік ойтолғамның монологтен өзіндік айырмашылықтары бар деп анықтап, диалогтік ойтолғам мен монологтің айырмашылықтарын көрсетуі және тілдік талдаулары - жаңа (85-б.) 4. Ұлттық салт-дәстүріміз бен материалдық мәдениет үлгілері арқылы да бейвербалды амалдар жасалып, диалогтік сипат орнайды. Аталған диалогтік сипат *әлеуметтік мән иеленген кинемалар* арқылы іске асады деген тұжырымы - жаңа (169-б.).
		1) **толығымен жаңа;**	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2.Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Зерттеуде алынған қорытындылар **толығымен жаңа.** Зерттеу жұмысындағы қорытындылардың жаңалық деңгейі төмендегідей: **Бірінші тарау қорытындылары:** көркем мәтіндегі
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	

		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	диалогтің құрылымын диалогтік кіріспе, диалог, авторлық кірікпе деп ажыратуы; көркем мәтіндегі диалогтің негізгі қызметтерін саралап, диалог – көркем қызмет атқарады, адам образын жасайды, графикалық ерекшеліктері мен сюжетті дамыту және мінездеу, санамалау қызметін атқарады, диалог арқылы көркем мәтіннің энергиясы айқын көрінеді деген қорытындысы – жаңа. **Екінші тарау қорытындылары:** метатанымдық диалогтер - автордың коммуникативтік интенциясына негізделген, көркем шығармадағы диалогтер, ал этнотанымдық диалог – әр халықтың өзіндік қайталанбас ерекшеліктерін, ұлттық этникалық өзгешеліктерін сипаттайтын мәтіндердегі диалогтер деген тұжырымы мен тілдік талдаулары - жаңа. Сондай-ақ, жинақтаған прозалық шығармалардағы диалогтерді диалог-әңгіме, диалог-қалжың, диалог-арыздасу деп жіктеуі (80-83-бб.), айтыс дискурсындағы диалогтік сипаттың анық аңғарылатын түрі – жұптыр айтыс деп анықтап, жұптыр айтысқа зерттеуші тұрғысынан анықтама беріп, тілдік талдау жасауы; шешендік диалогтердің түрін сәлемдесу, жұмбақтау, жауаптасу деп анықтап, «шешендік сөздер дискурсындағы диалог – қазақ танымындағы диалогтің озық үлгісі» деген қорытындысын жаңа деп бағалаймыз. **Үшінші тарау қорытындылары:** диалог репликаларын құрылымы жағынан дара және күрделі, мазмұны жағынан ынталандырушы және жауап қату репликасы деп жіктеуі, ұлттық бейвербалды амалдардағы дилогтік сипатты анықтауы және диалогтегі тілдік тұлғаны ашу үшін қолданылатын тактика мен стартегия түрлерін

			ұсынуын жаңа деп бағалаймыз.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Диссертациялық жұмыстың мақсатына жету үшін қолданылатын техникалық, экономикалық немесе басқару шешімдері **толығымен жаңа** және **негізделген.** Тіл ғылымында жасанды интеллектінің, LLM (үлкен тілдік модельдерді оқыту); чат GPT секілді ақылды базаны жасақтау үшін әрбір сөздің сан түрлі мағыналық түрленімі мен реңкін әзірлеу қазіргі қоғамның басты сұранысы болып отыр. Осы орайда аталған зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелері мен талдаулары цифрлық коммуникацияны қазақша басқару тетіктерін әзірлеуге негізделеді. Сонымен қатар қазақ тілінің ұлттық корпусын, оның ішінде жазушылар ішкорпусын, поэтикалық ішкорпус жасақтауда мәтіндік база бола алады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	**Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген**/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген. Атап айтқанда, зерттеу мақсаты ретінде алынған көркем мәтіндегі диалог арқылы танылатын этномәдени болмыс пен тілдік тұлғаны анықтауда зерттеудің әдіс-тәсілдерінің таңдап алынуы. Диалогтің филологиялық, философиялық, психологиялық қырынан қарастырған Л.Якубинский, Л.Щерба, Н.Шедова, М.Бахтиннің тұжырымдарын талдай отырып, диалог пен дискурстың айырмашылықтарын саралауы. Диссертациялық жұмыста көркем шығармалардағы диалог жаңа ғасыр талабына сай теориялық-танымдық үдерісте зерттелген. Диалогке қатысты тілтанымдық еңбектерді жинақтай келе, оларды 3 бағыт бойынша топтастыруы диссертация жұмысының негізгі қорытындылары ғылыми тұрғыдан ауқымды әрі

			дәлелдермен негізделгенін аңғартады.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? **1) дәлелденді;** 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2**) жоқ;** 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма? **1) ия;** 2) жоқ; 3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес. 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) **кең** 4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	1)Қорғауға шығарылған негізгі ережелер дәлелденген. **Бірінші тұжырым** бойынша көркем шығармада автор кейіпкерді бейнелеуде: а) кейіпкердің өзіне тән характерін сипаттау үшін; ә) кейіпкерді кеңістікпен тұтастыққа алып суреттеу үшін; б) диалогтегі кейіпкер сөзінің нақты қандай ситуацияда айтылғанын көрсету үшін; в) диалогтегі сөйлеуші кейіпкерлердің мінезін, ойын, сөзін нақты жағдаятқа байланысты әр қырынан толықтыру үшін диалогті төрт түрлі мақсатта жұмсайтыны сенімді дәлелденген, **тривиалды емес**, жаңа қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген; **Екінші тұжырым** бойынша диалогтің құрылымын диалогтік кіріспе, диалог, авторлық кіріпе деп жіктеуі, оларды мағыналық, құрылымдық және интонациялық жағынан өзара тығыз байланысты деп тануы, аталған үш бөлікте де мағыналық тұтастық сақталып, ортақ жай баяндалатыны сенімді дәлелденген, **тривиалды емес**, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген; **Үшінші тұжырым** бойынша диалогтік ойтолғам деген атауды ұсынуы, оған автордың ішкі жан толғанысы оқырманмен диалог арқылы өрбіп, жарыққа шығуы деген анықтама беріп, диалогтік ойтолғамның монологтен өзіндік айырмашылық-тарын көрсетуі сенімді дәлелденген, **тривиалды емес**, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалаларда дәлелденген; **Төртінші тұжырым** бойынша ұлттық салт-дәстүріміз бен материалдық мәдениет үлгілері

		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	арқылы да бейвербалды амалдар жасалып, диалогтік сипат орнайтыны, аталған диалогтік сипат әлеуметтік мән иеленген кинемалар арқылы іске асатыны, ұлттық бейвербалды амалдар коммуникативтік акт кезінде қосымша мәлімет берумен ғана шектелмей, сонымен бірге коммуниканттардың дүниетанымы мен аялық білімінен де хабар беретіні сенімді дәлелденді, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген; **<u>Бесінші тұжырым</u>** бойынша тарихи романдар құрылымында диалог аса маңызды рөл атқаратыны, тарихи кейіпкерді адресатқа таныстырудың төте жолы – диалог екендігі, ал осы диалогті құруда – жазушының шеберлігі байқалып, ол шеберлік ханды-ханша, биді-бише, батырды-батырша сөйлетіп, сол тарихи кезеңнің сөз саптамын оқырман санасына жеткізумен өлшенетіні сенімді дәлелденді, тривиалды емес, жаңа, қолдану деңгейі кең, мақалада дәлелденген.
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	**Иә,** әдіснаманы таңдауы негізделген және зерттеу барысында сипаттамалық әдіс, диалогтік сөйлесімдердің қызметі мен құрылымын сараптауда құрылымдық-семантикалық, коммуникативті-прагматикалық, функционалды-стилистикалық тұрғыдан кешенді талдау әдісі, мәтінді интерпретациялау әдісі, сондай-ақ жинақтау, жүйелеу, талдау тәрізді тәсілдер кепінен пайдаланылған.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	**1) ия;**	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	**Иә.** Зерттеу нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалану нәтижесінде алынған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	1) **Иә.** Теориялық тұжырымдар, анықталған қатынастар мен заңдылықтар тәжірибелік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Зерттеу материалы ретінде 5000-нан астам диалог үлгілері талданған. Ізденуші өз зерттеуінің теориялық және практикалық нәтижелерін халықаралық және республикалық ғылыми-практикалық конференцияларға қатысып, семинарлар мен вебинарларда ұдайы баяндама жасаған.
		1) **ия;**	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен **расталған.** Диссертациялық жұмыс диалог теориясына арналғандықтан зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі ретінде орыс тіл білімінде диалог теориясының негізін қалаған Ш.Балли, Л.В. Щерба, Л.П. Якубинский, Е.Д.Поливанов, В.Н.Волошинов, В.В.Виноградов, М.И. Бахтин, Ю.В. Рождественский т.б. ғалымдардың еңбектері; қазақ тіл білімінде диалог теориясына қатысты

			алғашқы тұжырымдарын айтқан А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов еңбектері; диалогтің жалпы және жеке мәселелерін қарастырған Р.Әмір, З.Ахметжанова, Ә.Жүнісбек, З.Базарбаева, Х.Нұрмаханов, Г.Қажығалиева, Г.Имангалиева, Ж.Қаңлыбаева, А.Айтбенбетова, Д.Абдыкаримова, Г.Сәрсеке, М.Жұманазарова, А.Саденова еңбектері назарға алынған және сілтемелермен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға **жеткілікті**/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолу жасауға **жеткілікті.** Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік авторларды, электрондық дереккөздерді қоса алғанда 192 әдебиет көзі пайдаланылған және барлығына сілтеме жасалған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның телориялық **маңызы бар.** Жұмыста қол жеткізілген нәтижелер мен теориялық тұжырымдар мәтінтану, сөйлеу актілері, дискурс, сондай-ақ диалог теориясындағы коммуникативті лингвистиканы, коммуникация теориясын жаңа мәліметтермен толықтырады. Қазақ тіл білімінің антропоөзекті парадигмасын, оның ішінде лингвопоэтика, функционалды грамматика бағыттарын теориялық тұрғыдан кеңейтеді.
		1) бар;	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	1)Зерттеу жұмысының практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі **жоғары.**
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	1)Практикалық ұсыныстар **толығымен жаңа.** Зерттеу жұмысының нәтижелері мен ғылыми тұжырымдары жазушының тілдік тұлғасы мен
		1) толығымен жаңа;	

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	көркемдік әлемін анықтауға, жазушылар тілінің сөздігін құрастыруға материал бола алады; инофондарға қазақ тілін диалогтік дискурс үлгілері арқылы оқытуға арналған электронды әдістемелік құралдар мен оқулықтар жазуда мәтіндік базаны толықтырады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: **1) жоғары**; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы **жоғары.** Жұмыстың тілі, стилі академиялық жазу талаптарын қанағаттандырады. Жұмыста пайдаланылған сөз орамдары, синтаксистік құрылымдар логикалық сабақтастыққа құрылған. Мазмұнның берілуін қамтамасыз ететін лексикалық бірліктер мен грамматикалық формалардың қолданылуы әдеби тіл нормаларына сәйкес келеді. Зерттеу жұмысы - дербес орындалған, толыққанды ғылыми еңбек. Ізденуші Рамазанов Талгаттың зерттеу жұмысы лингвомәдениеттану саласына өз үлесін қосатын еңбек.
11.	Диссертацияға ескертулер		Компьютерде теруде кеткен кейбір техникалық, пунктуациялық қателер кездеседі (16, 21, 33, 36-б.).
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың диссертация мазмұны бойынша жарияланымдарының саны – сегіз. Олардың ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылыми комитеті ұсынатын басылымдар тізбесінде бес мақала, Ресей ғылыми дәйексөз индексі (РИНЦ) базасына кіретін басылымда 1 мақала, халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарында 2 мақала жарияланған. Сонымен қатар диссертация мазмұнына қатысты ғылыми-теориялық конференцияларда 2 ауызша баяндама жасаған. Докторанттың мақалалары диссертацияның теориялық негізін құрайтын тарауларымен сәйкеседі және ғылыми деңгейі

			жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02307-Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Рамазанов Талгат Бекбулатовичтің «Көркем мәтіндегі диалогтің лингвомәдени ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін **Рамазанов Талгат Бекбулатовичке философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынамын.**

			жоғары.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02307-Қазақ филологиясы» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Рамазанов Талгат Бекбулатовичтің «Көркем мәтіндегі диалогтің лингвомәдени ерекшеліктері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы үшін **Рамазанов Талгат Бекбулатовичке философия докторы (PhD) дәрежесін беруге ұсынамын.**

Ресми рецензент:

Академик Е.А.Бөкетов атындағы
Қарағанды университеті,
филология ғылымдарының докторы,
профессор _____ **Мажитаева Шара**
(қолы) (аты-жөні)

21.01.2025

ҚОЙЫЛҒАН ҚОЛДЫ РАСТАЙМЫН

РАСТАЙМЫН
Ғалым хатшы
Н.Е. Тугинова
2025 ж. «21» қаңтар